



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы «15» желтоқсанда жарияланды

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Орынбасары  
Е. Л. Тоғжановқа**

**Қазақстан Республикасы  
Қаржылық мониторинг  
агенттігінің төрағасы  
Ж.Қ Элимановқа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

**Құрметті Жанат Қалдыбекұлы!**

Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңына сәйкес электрондық және интернет-казино қызметіне тыйым салынса, «Жарнама туралы» заңына сәйкес бұл ойындар түрін жарнамалауға да тыйым салынған.

Сондай-ақ, ойын бизнесінің арнайы аймақтарға көшірілуіне қарамастан, халық арасында, оның ішінде жастардың интернет-казинолар ұсынатын құмар ойындар мен бәс тігуге қызығушылығы күннен-күнге артуда.

Дәлел ретінде, ҚР-ның заңнамасына сәйкес, 2020 жылы құмар ойындар мен бәс тігудің теріс әсерін азайту мақсатында азаматтар үшін осындай ойындарға қатысудан өз бетінше шектеу мүмкіндігі енгізілген. Дегенмен, заң қабылданған сәттен бастап бір жарым жыл ішінде тізімге 430-дан астам адам тіркелсе, олардың 50 процентін 30 жасқа толмаған жастарымыз құрап отыр. Яки, бұл дерттің шырмауында жас өрендеріміздің көп екендігін аңғартады.

Әлеуметтік зерттеулердің деректері бойынша адамдардың 57% тәуелділіктің негізгі себебі жеңіл табыс табу мен ештеңе жасамай-ақ байып кету

болып табылатынын атап өтуде. Медицина мамандарының айтуынша **ойынкұмарлық – нашақорлық пен алкологольге тәуелділіктен де зиянды.**

Бүгінде интернет беттері оңай табыс әкелуді көрсететін әр түрлі онлайн-казинолар мен букмекерлік кеңселердің агрессивті жарнамасының көлемі айтарлықтай өсті. Онлайн-казинолар тайрандап жүргенде, отбасылардың ойрандалып жатқандығы баршамызға аян. Зерттеулердің нәтижелері бойынша интернет беттерінде қаптаған саңырауқұлақтай құмар ойындардың тозағына **еліміздің әрбір оныншы отбасы ілінеді екен.**

Қазақстанда ойынкұмарлық негізіндегі қылмыстар өздерінің қатыгездігімен таң қалдырады. 2018 жылдың сәуір айында Шымкент қаласының ойынкұмар тұрғыны, өзінің кезекті ірі көлемдегі ақшалай ұтылысынан соң, қатыгездікпен өз анасы мен атасын өлтірген еді. Сол жылы елордамыздың тұрғыны өзімен бірге тұратын әйелді, екеуара ортақ қаржыларын құмар ойынға ұтылуына байланысты өлтіру фактісі бойынша ұсталған еді.

Бұл аз десеңіз, Қаржы мониторингі агенттігінің ақпараты бойынша жақында «Kcell» байланыс операторының қаржы директоры ұсталды, ол соңғы үш жыл ішінде Қылмыстық жолмен 450 миллион теңге ұрлап, олардың көп бөлігін букмекерлік кеңселерде ұтылса, маңғыстаулық банк қызметкері клиенттердің шотынан 90 млн теңгеден астам қаржыны заңсыз ұрлап, қаражаттың негізгі бөлігін букмекерлік кеңсе арқылы қолма-қол ақшаға айналдырғаны белгілі болып отыр.

Тиісті мемлекеттік органның мәліметінше, 2021 жылдың басынан бастап интернет-казино қызметіне және жарнамасына байланысты бұзушылықтар бойынша **2223** интернет сайттарының жұмысына шектеу қойылған. Алайда, бұл бұғаттау бойынша шаралар онлайн-казино санының азаюына алып келмейді, **өйткені бұғаттаудан кейін жаңа сайттар құрылады.**

Заңдық тетіктердің барлық мүмкіндіктеріне қарамастан, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан интернет-казинолардың қызметіне қарсы іс-қимыл шараларын жеткіліксіз реттелуде деп есептейміз.

Мысалы, халықаралық тәжірибе бойынша Американың көптеген штаттарында 2006 жылдан бері интернет-казино қызметіне тыйым салынған және қаржы ұйымдары интернет-казиноға бәс тігу жасайтын азаматтардың шоттарына қызмет көрсете алмайды. Ал, Қытай аумағында үкімет интернет-казинолар мен букмекерлік кеңселердің сайттарын ғана емес, сондай-ақ аталған **сайттарды жарнамалайтын ресурстарды да бұғаттау бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.**

Осыған байланысты, жауапты мемлекеттік органдардан интернет-казиноның қызметіне қарсы іс-қимыл жасау және құмар ойындар мен бәс тігудің жарнамасын шектеу жөніндегі шараларды күшейтуді сұраймыз, оның ішінде:

- интернет-казиноларда және букмекерлік кеңселерде төлемдерді кредиттік карталардың көмегімен толтыруға тыйым салуды қарастыруды (*бұл карталар кредиттік, яғни пайыздық мөлшерлемесі жоғары*);

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып, құмар ойындарды ұйымдастыру, өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырып келген шетелдік ұйымдастырушылардың арнайы тізбесін әзірлеуді сұраймыз.

Сөз соңында Абай атамыздың «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» – деп Ұлы ақынымыз 1 ғасыр бұрын ойынның өз бағасын нақтылап беріп еді. Әр адам өз өмірін жақсы арнаға бұра алатындығы айқын. Құмар ойнап қасиетімізді жоғалтпайық ағайын...

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Депутаттары,  
«Nur Otan» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Е.Бейсенбаев  
Д. Зәкиева  
М. Ахметов  
Н. Ожаев  
Г. Бижанова**



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Оглашен «15» декабря 2021 года

**Заместителю Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
Тугжанову Е.Л.**

**Председателю Агентства  
Республики Казахстан по  
финансовому мониторингу  
Элиманову Ж.К.**

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Ералы Лукпанович!**

**Уважаемый Жанат Калдыбекович!**

В связи с выводом игорного бизнеса в специальные зоны в Алматинской области на побережье Капшагайского водохранилища и в Бурабайском районе Акмолинской области, продолжает увеличиваться интерес населения Казахстана к азартным играм и пари, предоставляемым посредством сети интернет, связанный с их доступностью. Все более актуальной становится проблема вовлечения молодого населения в азартные игры и пари в онлайн пространстве.

Как мы знаем, с июля 2020 года в рамках Закона об игорном бизнесе ведется с целью снижения негативного влияния азартных игр и пари введена возможность самостоятельно ограничить себя путем подачи заявления. По информации Министерства культуры за полтора года в Список включено более 430 человек, из которых 50% не достигает 30 лет, что свидетельствует о высокой вовлеченности молодежи в азартные игры.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об игорном бизнесе» запрещается деятельность электронного казино и интернет-казино. Также,

согласно Закона «О рекламе» запрещается реклама электронного казино и интернет-казино.

Несмотря на это, сегодня интернет пространства заполонила агрессивная реклама различных интернет-казино и букмекерских контор, предлагающих легкий заработок. Они вовлекают молодежь Казахстана, разрушают личности и семьи, выкачивают из семейных бюджетов последние деньги.

По данным социологических исследования, отмечают, что основной причиной зависимости является легкий способ заработка, желание разбогатеть, ничего не делая.

Преступления на почве игромании в Казахстане шокируют своей жестокостью. Так, в апреле 2018 года в городе Шымкент задержан постоянный игрок игорных заведений, который после крупного проигрыша, находясь в эмоционально подавленном состоянии, совершил убийство матери и деда.

В том же году в Нур-Султане был задержан гражданин, который убил свою сожительницу из-за того, что она проиграла все накопленные денежные сбережения.

Кроме того, по информации агентства по финансовому мониторингу недавно был задержан финансовый директор оператора связи Kcell, который в течении последних трех лет преступным путем похитил 450 миллионов тенге и проиграл все у букмекеров.

Вместе с тем, работа нелегальных онлайн-казино и не всегда прозрачные финансовые потоки букмекерских контор создают риски для отмыывания преступных доходов. Например, в 2020 году в Мангистау сотрудник Банка незаконно похитил со счетов клиентов более 90 млн тенге и основную часть средств он обналичил через букмекерскую контору.

С начала 2017 года уполномоченным органом в сфере информации по нарушениям, связанным с деятельностью и рекламой интернет-казино подготовлено 188 реагирующих документа в отношении 4094 интернет-ресурсов и ссылок, в том числе с начала 2021 года по сегодняшний день в отношении 2223 интернет-ресурсов и ссылок.

Однако, принимаемые государственными органами меры по блокированию не приводят к снижению числа интернет-ресурсов азартных игр, поскольку после блокирования создаются новые сайты.

В связи с этим, мы считаем, что, наибольшее опасение до сих пор вызывает недостаточное урегулирование мер противодействия деятельности интернет-казино, ограничению рекламы азартных игр и пари.

Например, изучение международного опыта показывает, что в ряде стран в целях защиты государственных интересов установлены более жесткие меры в отношении деятельности в сфере азартных игр.

Так, в США в большинстве штатов деятельность интернет-казино запрещена и финансовые организации не могут обслуживать счета граждан, которые делают ставки в интернет-казино. В КНР запрещена деятельность и реклама интернет-казино, а также других сайтов, предлагающих азартные развлечения. За нарушение закона предусмотрена административная и уголовная ответственность.

В этой связи, просим ответственные государственные органы усилить меры по противодействию деятельности интернет-казино и ограничению рекламы азартных игр и пари в том числе:

- рассмотреть запрет на осуществление платежей или пополнение счетов в интернет-казино и букмекерских конторах с помощью кредитных карт (данные карты являются кредитными т.е. с процентной ставкой);

- разработать уполномоченному органу специального перечня иностранных организаторов игорного бизнеса лиц, в отношении которых имеются сведения об осуществлении ими деятельности по организации, проведению азартных игр с нарушением требований законодательства Республики Казахстан.

О результатах рассмотрения и принятых мерах просим информировать письменно, в установленные законодательством сроки.

**С уважением,  
Депутаты Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
член Фракции «Nur Otan»**

**Е. Бейсенбаев  
Д. Закиева  
М. Ахметов  
Н. Ожаев  
Г. Бижанова**